



**plans.label.author:** Карагулова Гаухар Опиновна

**plans.label.category:** Математика

**plans.label.class:** 3-сынып



**plans.label.section:** Үлес

**plans.label.theme:** Үлес туралы түсінік

Оқу мақсаттары	3.1.1.5 үлесті құру жолын көрсетіп беру, оларды оқу, жазу және салыстыру
Сабақ мақсаттары	<b>Барлық оқушылар:</b> Көрнекілік негізінде үлестің пайда болуын көрсету. <b>Бірқатар оқушылар:</b> Көрнекілік негізінде үлестерді көрсету, үлестерді жазу, оқу және салыстыру. <b>Кейбір оқушылар:</b> Өз бетімен фигураны бірдей бөліктерге бөлу, үлестерді ерекшелеу.
Бағалау критерийлері	Бүтін зат, оның жартысы, бөлігі туралы түсінік. Натурал сандарды бөлу дағдылары туралы білімді меңгереді.
Тілдік мақсаттар	<b>Тілдік оқу мақсаты</b> Оқушылар: • күнделікті өмірде толық пәннің бөлігі туралы білімді көрсете білу керек. • оқу, жазу, бөлшектерді салыстыру • санның үлесін табу, үлес бойынша сан <b>Модельдеу, талдау</b> • Үлесті табуға құрама есептерді өмірлік жағдайларда шамалардың арасындағы тәуелділікті талдау және шешу, • пропорцияны құрастыру арқылы есептерді шығару <b>Пәндік лексика және терминология</b> • үлес, бөлшек, бүтіннің жартысы, жартысы, үштен бір бөлігі, төрттен бір бөлігі, алым, бөлгіш • жартысы, үштен бір бөлігі, төрттен бір бөлігі, сағат/күн/жыл • уақыт, күнтізбе, тоқсан • компонент, пропорция, шамалар арасында тәуелділігі, формула, алгоритм • жағдайды есепке модельдеу, пропорцияны құрастыру • талдау, салыстыру • күн тәртібі, уақытты үнемдеу
Құндылықтарды дарыту	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу
Пәнаралық байланыстар	Музыка, қазақ тілі.
АКТ қолдану дағдылары	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Ресурстар	Топқа бөлуге арналған парақшалар, интерактивті тақта, жұмыс дәптері, қалам мен түрлі түсті қарындаш, стикер, видеоматериалдар., постер, кері байланыс парағы т.б
Бастапқы білім	Бірінші тоқсанда алған білімдері бар.

### plans.stages

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
<p>Сабақтың басы (5-7 минут)</p>	<p><b>Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру.</b> «Ғажайып жылулық шынжыры» жылулық шеңбері Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, жылы күлкілерін сыйлайды. Педагог күлкінің маңызына сөзін айтады.</p>  <p>Image not found or type unknown</p> <p>Оқу құралдары арқылы (өшіргіш, қалам, қарындаш т.б.) ортаға бала санына қарай түрлі ручка, (қарындаш, өшіргіш) қойылады әр оқушы өзіне ұнаған түсті алады түстер бір-бірін тауып, біртоп құрайды Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!</p> <p><u>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) Оқу мақсатын таныстыру</u> Күтілетін нәтижені анықтау</p>  <p>Image not found or type unknown</p> <p>ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау</p>	<p>Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>
<p>Сабақтың ортасы (20-25 минут)</p>	<p><b>Ширату тапсырмасы.</b> Жаңаны ашу. Жаңаны ашу үшін балалар практикалық жұмыс орындайды. – Сіздердің парталарыңызда геометриялық фигура жатыр. Ол қалай аталады? (Дөңгелек) – Дөңгелекті екіге бүктеңіз. – Ашыңыз. – Қанша бірдей бөлік болды? (2) – Сонымен, біз дөңгелекті қақ бөлдік, яғни тең екі бөлікке. Балаларға дөңгелекті тағы да ортасынан бүктеуді ұсынады. Содан кейін оны ашуды сұрайды. – Неше бөлік шықты? – Бір бөлігі қалай аталады? (Ширек.) – Тағы бүктеуге бола ма? – Неше бөлік болды? (4) – Дөңгелекті тағы да бүктеуге бола ма? – Неше бөлік шықты? Сегіздің бір бөлігі – сегізден бір бөлік. Бөлшектердің атауларын уақыт өлшеген кезде де пайдаланады. 1-тапсырмадағы сағаттың макетін қараңыздар. Циферблат неше бөлікке бөлінген? Үлестердің атауларын сағат бөліктерімен де атайтын кездері болады. 2- тапсырмадағы сағаттың уақытын қараңыз. Математикада үлестерді жазуға болады. Түсіндіре отырып алғашқы бекіту. Мұғалім 3- (а) тапсырманы қарауды ұсынады, бөлшектердің жазылуына баса назар аударады. Балалар фигураның қай бөлігі боялғанын айтып, Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда) «Қар кесегі» Бір оқушы тақырып бойынша бір тұжырым айтады. Екінші оқушы оның айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Үшінші оқушы алдыңғы екі оқушының айтқанын қайталап, өзінің тұжырымын айтады. Сөйтіп жалғаса береді. <b>Дескриптор:</b> - оқулықта берілген тапсырмаларды өз бетінше орындайды. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау</p>	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Белсенді оқу тапсырмала ры.</p>

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
<p>Сабақтың соңы (8-минут)</p>	<p><b>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану</b>  Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. (ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі. Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Оқушыларға «Көңілді қоңырау» кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді.  5e0a10f3ea560.png</p> <p>Image not found or type unknown</p>	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Оқушылардың бірін-бірі, өзін өзі бағалауға негізделген, бұл тәсілдің мақсаты өзін және құрбыларын әділ бағалауға үйрету.</p>